Álıhan Bókeıhan: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

AQTOǴAI AJARY

Aqtoǵaı aýdandyq qoǵamdyq-saıası basylym

Gazet 1938 jylǵy 15 tamyzdan shyǵady

aktogai_red@mail.ru

www.facebook.com/a.ajary.kz

№31 (7868)
Жұма
5 тамыз
2022 жыл



Жолдау мұраты – ел мүддесі

Жаңа Қазақстан құрудың жарқын үлгісі

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауында халыққа қажетті реформаларды жүзеге асыру әрқашан басты басымдық болып қала беретінін баса айтты. Ұсынылып отырған реформалар дәйекті демократияландыруға және мемлекеттің тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Қазақстан Конституциясына енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар біздің мемлекеттік құрылысымыздың «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» деген негізгі формуласын іске асыруы керек.

Конституцияның 6-бабы 3-тармағының «Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі» деген жаңа редакциясы ең жоғары ұлттық мүдделерге сай келетіні сөзсіз.

Сондай-ақ, қоғамда Президенттің өз өкілеттіктерінің бір бөлігінен бас тартуы оң қабылданды. Мемлекет басшысының өз өкілеттігінен бас тартып, ол құзыреттерді Парламент, Үкімет және мәслихаттарға беруі тарихта сирек кездесетін жағдай. Осылайша, Конституцияның 61 және 62-баптарында халықтың өмірі мен денсаулығына, конституциялық құрылысқа, қоғамдық тәртіпті қорғауға, елдің экономикалық қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайларға жедел ден қою мақсатында Үкіметтің жауапкершілігі артады.

Президенттің тағы бір маңызды қағидаты – жақын туыстар саяси мемлекеттік қызметшілер, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшылары лауазымын атқармауы керек. Бұл – мемлекеттік қызметшілер үшін ғана емес, Қазақстанның әрбір азаматы үшін лайықты үлгі.

Ел басшысының Жолдауының соңында жар салған: «Қызметіме түрлі адамдардың бағасынан гөрі, мемлекетімізді қорғап қалу аса маңызды. Біз өзіміздің басты игілігіміз – Тәуелсіздігімізді сақтап қалуға, ұлттық бірегейлік негіздерін нығайтуға, елімізді трансформациялауға көңіл бөлуге тиіспіз. Бұл біздің болашақ ұрпақ алдындағы қасиетті парызымыз, маған елімнің амандығы мен жерімнің тұтастығынан асқан ешбір құндылық жоқ. Мені ең алдымен, халқымның болашағы қалай болатыны толғандырады» – деген сөздері Жолдауды құлақ түріп тыңдаған, зер салып көрген барша жұртшылықтың жылы жүрегінен жол тапты деуге болады. Расында да, еліміздің егемендігін соңшалықты қандай күшпен, рухпен алып едік, кезіндегі Желтоқсан оқиғасында, ендеше, соған сай жолымызда қанша кедергілер кездессе де, «ақпараттық соғыс» арқылы түрлі арандатулар болса да, өткендегі «қайғылы қаңтар оқиғасы» орын алса да, Ел Президенті тығырықтан шығатын жол тауып, өз халқының беделін де, қауіпсіздігін де жоғары деңгейде қорғап шықты.

Сенімді қадамдар жасай білетін көшбасшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлының Жолдауында айтылған үш бірдей облыстың пайда болуы да халықтың көңілінен шыға білді. Қайсыбір істі бастауға үлкен ерік-жігер, қажыр-қайрат керек. Сонда ғана ісің оңды болып, жұрт алдындағы қағидаң айқын, жүзің жарқын болады. Осындай қайсар да парасатты мінез бойыңнан табылса ғана қала сала аласың, халықтың санасын алдыға жетелейсің, жаңашылдық үрдістің отын жағасың. Осындай асыл қасиеттерді бір бойына жинаған адам ғана әлемді мойындатқан Жаңа Қазақстанды құра алады.

Г.Қожамбаева,
Ә.Бөкейхан атындағы тірек мектебінің ұйымдастырушы педагогы.

ХАБАРЛАМА

Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясының 2022 жылдың 01 тамызындағы ШЕШІМІМЕН Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Шашубай кентінің әкімі болып Нариман Джанатович Мангишев тіркелді.

Ақтоғай аудандық сайлау комиссиясы.

СООБЩЕНИЕ

РЕШЕНИЕМ Актогайской районной избирательной комиссии от 01 августа 2022 года зарегистрирован акимам поселка Шашубай, Актогайского района, Карагандинской области Мангишев Нариман Джанатович.

Актогайская районная избирательная комиссия.

7 тамыз – Теміржолшылар күні

Құрметті теміржолшылар, қымбатты ардагерлер!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Теміржолшылар күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Теміржол саласының әрбір мемлекеттің даму жолында алатын орны ерекше деп айтуға болады. Олар бұрын да қалаларды бір-бірімен байланыстыратын басты транспорт түрі болған және әлі де солай болып келеді. Сіздердің еңбектеріңіз үлкен жауапкершілік пен қауіп-қатермен байланысты. Өйткені, жүргізушілер, олардың көмекшілері мен жолсеріктері миллиондаған жолаушылардың өміріне және тасымалданатын мыңдаған тонна жүктерге жауапты. Бұл ретте техникалық фактор кәсібилік пен шеберлік, адами фактор әр қызметкердің сабырлылығы мен өз ісіне адалдығы қажет.

Сіздер бүгінгі күні теміржол саласында еңбек етіп, еліміздің дамуы жолында, ел игілігі үшін елеулі жұмыс атқарып келесіздер. Қоғамдық маңызы зор жауапты қызметтегі біліктіліктеріңіз бен көлік және байланыс саласындағы сүбелі үлестеріңізді біз әрдайым жоғары бағалаймыз. Осы мерекелі күнде Сіздерге мықты денсаулық, толайым табыс, отбасылық амандық және несібелі жетістіктер тілейміз!

Аудан әкімі С.Әбеуова **Мәслихат хатшысы Р.Әбеуов**

Жолдау мұраты – ел мүддесі

Жолдаудан кейін елдің тарихының бүтін бір дәуірін қорытындылап, бетбұрыстың жаңа кезеңінің басында тұрғандаймыз. Партия ашықтықты қамтамасыз етіп, қоғам мен атқарушы биліктің арасындағы алтын арқау болатыны анық.

Көпшілік үшін күтпеген Конституциялық сотты құру жөніндегі бастамасы болды. Енді қоғам биліктің немесе заңнамалық бастамалардың белгілі бір әрекеттеріне заңды түрде дау айтуға мүмкіндік алады.

Жолдау ұлттық рухымызды күшейтті. Мен ең маңызды аспектілерді атап өткім келеді, бірақ әр бағыт өзінің өмірлік рөлін атқарады.

Ең бастысы – еліміздің егемендігі

«Азаматтарымыздың ертең емес, бүгін бақытты өмір сүргенін қалаймын». Осы президентіміздің сөзі әр қазақстандықтың жүрегіне жылу ұялататыны сөзсіз.

Шын мәнінде, ең бастысы – еліміздің егемендігі, біз үшін Қазақстанның Тәуелсіздігі бәрінен қымбат. Елімнің амандығы мен жерімнің тұтастығынан асқан ешбір құндылық жоқ, сол құндылықты сақтау мен қорғау біздің басты парызымыз. Еліміздің жарқын келешегі мен болашағы – ақыл мен парасатты ту етіп ұстанған, отаншылдық рухы жоғары, білімді ел қолында екені анық. Еліміздің жаңа бағытқа бағдарлайтын өзгерістер, тек қана парақта емес, нақты іспен көрсетіп, сапалы жұмыс жүргізілу керектігі туралы ерекше айтылды.

Президент реформаларды әркім өзінен бастау керек екеніне назар аударғаны бекер емес. Мемлекет басшысы: «Біз бұл өзгерістерді жұртқа жақсы көріну үшін жасамаймыз. Қағаз бетінде ғана жүзеге асырылған, бірақ шындыққа еш жанаспайтын жалған табыстарға масаттанып отыратын заман келмеске кетті», – деді.

Жаңару мен жаңғыру жолында Қазақстан биік белестерге жететіні анық. Бұл тұрғыда президент нақты іске көшкені байқалады. Жарқын болашаққа нық қадаммен жұмыс жасауға әрбіріміз үлес қосуға міндеттіміз.

Т.Таукеев,
«Аманат» партиясы Ақтоғай аудандық филиалының атқарушы хатшысы.

7 тамыз – Теміржолшылар күні

Тоғыз жолдың торабы тоғысқан жер

Таң бозынан әріптесім темір тұлпарды тізгіндеп, мен қабат мініп, екеулеп жолға шықтық. Бағытымыз – ауданымыздың оңтүстік өңірі. Таспадай тартылған тас жолдың апшысын қуырып, жүйткіп келеміз. Ауылдағы шаруаның баласы болғаннан кейін жол-жөнекей әр жердегі шөптің шығымы жайлы, төлін ертіп төскейде жүрген төрт түлік туралы сөз қозғап қоямыз. Көбіне ішкі ойдың орамын үзе алмай, үнсіз келеміз. Әркім өз ойымен арпалысып әлек. Сырт тұлғасы көзге қарапайым көрінгенімен, әркімнің ішкі жан-дүниесі өз алдына бір бөлек әлем.

Раундап атқан таң шығыстағы көкжиекті алқызыл нұрға бөлеп, сол сәтте әлем бір мезет байырқалғандай. Мамырыстан құшағындағы сәбидің ұйқысындай бейбіт дүние. Онсыз да сынап сынды уыста тұрмайтын қиял шіркін, талай қиырды шарлап кетті. Жол ұзақ. Тас жолды жағалай қоныстанған ауылдардың арасы тым шалғай. Ауыл-үйдің арасында күнделікті күйбең тіршілікті күйттеп, сыртқа ұзап шықпаған адам қазақ даласының мұншалықты кең екенін қайдан білсін?!. Аттың жалында, түйенің қомында жүріп, өр Алтай мен Атыраудың арасындағы ұшқан құстың қияғы талып, тұлпардың тұяғы тозатын осыншалықты дархан даланы бабаларымыз қалайша алакөз дұшпаннан аман сақтап қалды екен?! Жаратқанның тәбәрігіндей болған байтақ жерді игеріп, игілігімізге жарата алмасақ, егемен елдің ұрпағы, яғни бізге сын. Осы тұста бұйығып жатқан мынандай ой бас көтерді. Қазақтың ел отырмайтын қу мекиені көп қой. Сыр даласынан бері Жезқазған мен Балқаш аралығында ұшқан құс, жүгірген аң ілуде шалу кездесетін Бетпақдаладай жеріміз бар. Сонда деймін-ау, кешегі шаруалар шырылдап шыға келгенде, мүлгіп отырып, ойланбастан атып, санын азайтамыз деген жарықтық киікті сол жапан түзге бағыттап жіберсе болмас па еді?! Жусан басын шалса да талғажау етіп амалдайтын еді ғой. Әйтеуір, даланы қан сасытып, жануардың наласына қалғаннан әлдеқайда жақсы емес пе?! Бір кездері сол киікті қызыл кітапқа енгізіп, қызғыштай қорып едік, ендігі жасап отырғанымыз мынау. Екі әрекетіміз біріне-бірі сыртын беріп, «тебісіп» тұрған секілді. Хош. Бір ой бір ойды түртпектеп, иірімге түсіп кетіп, қалаға қалай жеткенімізді аңғармай да қалдық.

Ұлы сәскеде мысты өңірге де табанымыз тиді. Шілденің шіліңгір күні. Жайшылықта ауасы тымырсық Балқаш тіпті күйіп-жанып тұр екен. Шаһар ішіндегі дәмхананың біріне аялдап, ат шалдырып, аяқ демалтып алдық. Ішімізге ел қонып, жанымызды шақырғаннан кейін уақыт оздырмастан сапарымызды әрі қарай жалғастырдық. Діттеген жеріміз – ауданымызға қарасты Сарышаған кенті. Ат маңдайын Алматыға апарып тірейтін күре жолмен жорғалап келеміз. Алғашқыдай емес, бұл бағытта әрі-бері қатынап жатқан көліктің нөпірі қалың. Осыдан екі жыл ілгеріде басталған «Қарағанды-Алматы» бағытындағы жолдың жөндеу жұмысы әлі жалғасып жатыр. Бірақ, бір айта кетерлігі, жолдың бұл бөлігіндегі жұмыс сапасы Қарағанды қаласы мен Шет ауданының арасындағы жөндеу жұмыстарына қарағанда анағұрлым жақсы.

Сонымен, екі сағатты артта қалдырып, тоғыз жолдың торабы Сарышаған кентіне де жеттік. Сарышаған аудан халқының жарымына жуығы тұратын өте үлкен кент. Әдеттегідей, әуелгі кезекте әкімшілікке бас сұқтық. Өкінішке қарай, кент әкімі жұмыс барысымен жол жүріп кетіпті. Бізді бас маман Тілеуқор Қайранбекова қарсы алды. Біз алыстан арнайы ат арытып келгенімізді жеткізіп, мән-жайды түсіндірдік. Сонымен, Тілеуқор бастап, біз қоштап, кенттегі «Сарышаған» станциясына аялдадық. Ел мен елді, жер мен жерді жалғап тұрған ірі теміржол қатынасы осы станция арқылы өтеді. Жалпы, теміржол да, тас жол да адам бойындағы қан тамырлары секілді, ел экономикасының тұрақтануына тікелей әсер етеді. Сондықтан да, бұл жердегі әр-бір маманға жүктелетін жауапкершілік жүгі ауыр. Бізді станция басшысы Нұржан Омарбеков жылы шыраймен қарсы алды. Орта бойлы, қараторы азамат екен. Өзі бастай жүріп, станция жұмысымен таныстырып өтті.

Сарышаған станциясының басшысы Нұржан Омарбеков.

–Сарышаған екінші дәрежелі учаскелік станция. Тоғыз тарау жолдың тоғысқан жері десек те болады. Сарышаған кенті тұрғындарының сексен пайызға жуығы осы теміржол бойында жұмыс жасап, нәпақасын айырып жүр. Іргелес жатқан Қытай, Өзбекстан, Қырғызстан және Ресей елдерінің арасындағы қатынас осы біздің станция арқылы өтеді. Тіпті, осы темір жолдардың бір ұшпағы сонау Түркісібке апарып тірейді. Тарихи құжаттарға көз жүгіртетін болсақ, Сарышаған станциясының іргетасы 1952 жылы қаланып, 1953 жылы ашылып, ресми түрде жұмысын бастаған екен. Жетпіс жылдық тарихы бар аталмыш станция қала мен қаланың, тіпті мемлекетаралық жүк тасымалын қамтамасыз етіп отыр, – деп, тым-тым арыдан бастаған Нұржанның әңгіме әлпеті бір мезет өзінің өмірдерегіне қарай ойысты: –Жоғарыда атап өткенімдей, осы өлкедегі негізгі жұмыс көзі теміржол болғандықтан, сарышағандықтардың дені аталмыш саланы таңдайды. Біз тәмам әулетімізбен теміржол төңірегінде қызмет атқарамыз. Атап айтсам, әкем Мұхамбетәлі Омарбеков теміржол белгі беру және байланыс дистанциясында жұмыс жасаған. Саналы ғұмырын өз мамандығына арнаған жан. Қазір Құдайға шүкір, бейнетінің зейнетін көріп, еңбек демалысында немере-шөбересінің ортасында солардың қызығы мен қуанышына тоймай отырған жайы бар. Ал, анам Сарышаған кентіндегі дәрігерлік пунктінде фельдшер болып қызмет істеді. Ол кісі де Гиппократқа берген антын бұзбай, табан аудармастан ақ желегіне дақ түсірмей, еңбек демалысына шықты. Мен үйдегі бес баланың төртіншісімін. Көзімізді тырнап ашқалы көргеніміз рельс, вагон, пойыз. Сол себептен де біз барлығымыз бірауыздан теміржолшы боламыз дейтінбіз. Алдымыздағы асқар тау әкемізге қарап еліктедік. Көшенің шаңын көкке көтеріп, күні-түні дамыл таппай ойын қуатын балалық балдәурен шағымызға осы Сарышаған куә. Кейін анамыз жетектеп мектепке апарды. Кіл өзіміз сияқты күн қақтаған, қайыстай қатпа қара балалар әу баста бірімізді біріміз жатырқап, үрке соқтап жүретінбіз. Келе-келе танысып, білісіп, үйренісіп кеттік. Сол арадағы он бір жылдық мектепті тәмамдағаннан кейін Қазақ Теміржол Академиясына жоғарғы оқуға құжат тапсырып, Алланың алқауымен түсіп кеттім. Қызығы мен шыжығы қатар жүретін студенттік өмір дегеніңіз ешнәрсеге айырбастап ала алмайтын, қанша қаласаң да қайырылмайтын дәурен ғой. Сонымен, аттай төрт жылды артқа тастап, ақыры күректей дипломды қолыма алдым. Қатырма қағаз қолға тиісімен, уақыт оздырмастан бірден жұмыс іздедім. Әйтеуір қыр асып жатпай-ақ, сол сәтте екі қолға бір күрек табыла кетті. 2003 жылы Сарышаған станциясы жол жөндеу дистанциясында еңбек жолымды бастадым. Ә деген бетте кім болса да, өз жұмысын бірден алып кете алмасы анық қой. Сол ортадағы жанашыр ағалардың ақылын тыңдап, мамандығымыздың қыр-сырын ақырындап меңгере бастадық. Негізі, әр саланың өзіне тән ауыртпашылығы, сәйкесінше, өзіне тән қызығы болады. Араға екі жыл салып, Жамбыл жол бөлімі станциясына кезекші болып ауыстым. Ол арада табандаған бес жыл қызмет атқарып, 2010 жылы «Жастар» станциясының басшысы қызметіне тұрдым. Қазақта «еңбегіне қарай өнбегі» дейді емес пе?! Сол айтқандай, еңбектенген адамның ырзық несібесі мол болады. 2012 жылы ғайыптан тайып, Сарышаған станциясының басшысының орынбасары болып, 2017 жылы Тараз қаласына пойыз диспетчері болып жұмыс ауыстырдым. 2019 жылдан биылға дейін Мойынты-Шығанақ бөлімінің қауіпсіздік ревизоры болып қызмет қылдым. Осы жылы, міне, төртінші айға айналып барады, Сарышаған станциясының басшысы қызметіне тағайындалдым. Өткен күнге көз жүгіртіп қарап отырсам, еңбекке араласқан осынау жиырма жылға жуық уақытта дәм жазып талай жерді көріп, әралуан қызмет атқарған екенмін. Бұған да болса, тәубе деймін. Бұйырса, алдымызда үлкен белес тұр. Келесі жылы Сарышаған станциясына 70 жыл толады. Ат шаптырып, аламан өткізбесек те, үлкен дәрежеде мерейтойды атап өту ойымызда бар. Негізі, жылда кәсіби мерекеміздің қарсаңында кент төрінен бой көтерген футбол алаңында осы станцияға қарасты барлық бөлімшелердің арасында аяқдоптан, арқантартыстан, күрестен жарыс өткіземіз. Келер жылы да осы дәстүріміздің жаңылмай, кең көлемде жарыс ұйымдастырсақ па дейміз, – деп Нұржан Мұхамбетәліұлы сөз соңында өзінің алға қойған мақсатымен бөлісті.

Сұхбат соңынан біз алғысымызды айтып, сыртқа беттегенде, Нұржан әріптестерімен жиналыс қылудың қамын жасап жатты. «Жас келсе – іске» деген осы болар сірә?! Қазақта «отызында орда бұзбаған, қырқында қамал алмайды» дейді. Ал, біздің кейіпкер биыл түп-тура қырықтың қырқасына шығып тұр. Біз де Нұржанның еңбегіне жеміс тіледік.

Е.АЙТЖАН,
Сарышаған кенті.

Туған жерге туыңды тік!

Бірлігі бекем ел мықты

Қазақта күні бүгінге дейін ел аузында жүрген, үш-төрт адамның басы бір жерде тоғыса қалса әлі күнге әңгіме қылатын «Сағынайдың асы», «Қоянды жәрмеңкесі» секілді аспан астын дүбірлі думанға бөлеген нелер жіңгір тойлар болды десеңізші. Өткелі жатқан астың дабылын естіп, бәйгеден дәмелі тұлпарын жетекке алып, сайдың серке тасындай білекті де жүректі балуандарын қоса ертіп, еліміздің түпкір-түпкірінен ат арытып арнайы келген, есімдері ауыздан-ауызға көшкен кіл мықтылар бас қосқан жиын қандай салтанатты, қандай сәнді?!

Егемендік алғаннан кейінгі жылдары ел есін жиып, етек-жеңін қымтап, кешегі қолынан сусып кеткен бабадан балаға мирас болған ұлттық құндылықтарымызды түгендей бастады. Жетпіс жыл Қызыл империяның қанатының астында болғанда басына бармақ түгілі, есімін аузына ала алмаған ата-бабаларына тәу етіп, рухтарына құран бағыштап, ат шаптырып ас берді. Бұл істі біреуден біреу іліп әкетіп, ел көлемінде етек жайып, қазақтың өлгені тіріліп, өшкені жанғандай болды.

«Той дегенде қу бас та домалайды». Бәлен күні ел-жұрттың басын қосқан үлкен шара болады деген дақпыр құлағына тиген қырдағы ел бір күндік шаруасын шегеріп қойып, ойға түсіп, қашан киіз үй жығылып, ел тарағанша сол той-домалақтың төңірегінде жүреді. Әсілінде, Қазақ – арқалы халық.

Эпидоахуал елдің құтын қашырып, берекесін алғалы жұрт үлкен той-жиыннан бөлек, жеке басының қуанышын атап өтуден де қалды. Әркім қарақан басының қамын ойлап, төрт қабырғаға қамалып, оқшауланып өмір сүрді. Соның салдарынан қоғамдағы байланыс үзілді. Бұл жерде халық қаншама тойынан қалды, қаншама қызық-қуанышы атуасыз қалды дегіміз келіп отырған жоқ. Айтпағымыз, күнделікті күйбең тіршілікті күйттеп, шаруасының шылауында жүріп, бірінен бірі алшақтап кеткен ағайынның басын қосып, ел бірлігін танытуда тойдың да берер пайдасы бар.

Шілденің 31 күні тәмәм аудан халқының басын бір арнада түйістірген, Жидебай би ауылдық округіне қарасты, Көрпетай елді-мекенінің іргесіндегі Көрпетай тауының баурайында дүркіреген дүбірлі думан болып өтті. Бастама – сол жердің тумасы, жас та болса бас болып жүрген, атқа мінер азамат Нұржан Шайхиннан, қолдау – халықтан.

Көрпетай, бұрынғы Чапай елді-мекенінде кезінде 25-30 қаралы түтіні бар іргелі ауыл болған. Төскейде төрт түлігі қатар өріп, тіршіліктің қазаны қайнап жатқан деседі. Еліміздің бүкіл ауылдарына салқыны тиіп, басындағы бағын шайқаған жаппай урбанизация бұл ауылды да айналып өтпеді. Қазір мұнда ауылшаруашылығының етегінен ұстаған 3-4 шаңырақ қана отыр. Жері шұрайлы, топырағы құнарлы. Былтыр-биыл ел шөп шығымы аз деп шарқ ұрып жүргенде бұл маңайдың шөбі тілерсектен асады екен, бітік шығыпты. Оны осы жолғы сапарымызда өз көзімізбен көріп қайттық.

«Бірлігі бекем ел мықты»

Көрпетай Арқа даласындағы шоқтығы биік таулардың бірі. Жоғарыда атап өткеніміздей түгін тартсаң майы шығатын, қазыналы жер. Сол таудың етегіне бірінен бірі өтетін 22 ақшаңқан киіз алқақотан құрылған. Оған қоса 3 үлкен қос бой көтеріпті. Айта кетерлігі бұл қараша үйлерді осы арада туып өскен әулеттің ұрпақтары тігіп, келген-кеткен қонақтарға мезірет білдірді. Жалпы, барлығын қосып санағанда бас-аяғы 70 әулет тік тұрып қызмет қылды. Міне, туған жерге деген сүйіспеншілік, міне нағыз патриоттық рух!

Ала таңнан Көрпетайдың түс-түсынан қалың нөпір ағылып жиналып жатты. Күн арқан бойы көтерілген шақта екі мыңға жетеқабыл халық жиналып, көптің асыға күткен тойы салтанатты түрде басталып кетті. Арқаның арынды қос ақыны, ұлт руханиятына өзіндік үлесін қосып жүрген аптал азамат, талай додада топ жарып, халықтың көкейіндегі айтарын дөп басып, билік пен бұқараның арасында мәйек болып жүрген айтыскер ақындар Айтбай Жұмағұлов пен Тілеген Әділов әлқиссаны айтыспен бастап, жіңгір тойдың шымылдығын түріп берді. Жиналған жұрт демін ішіне тартып, бірден назарын сахнаға бұрды. Келесі кезекте көшелі сөз айтатын, көудесі көмбе қазыналы қарттарымыз сахна төріне шығып сөз сөйледі. Аталы ой айтқан ақсақалдар алыстан арнайы ат арытып келген қонақтарға алғысын жеткізіп, осы шараның өтуіне мұрындық болған ұйымдастырушыларға өз ризашылықтарын білдірді. Және сөз соңында қол жайып, құран бағыштап, бата берді. Сонымен қатар, жуырда ғана «Қасым баспаханасынан» шыққан «Туған жерім – Көрпетай» кітабының тұсауы кесіліп, сол арадағы әрбір әулетке бір-бір данадан тарту етілді. Кітапта Көрпетай өлкесінің қай жылдары құрылғаны туралы шежірелі тарихы, сол ауылда тұрған әулет пен оның үрім-бұтағы туралы дерекнамалар топтастырылған. Кітап авторы Нұржан Шайхин. Ақылдастар алқасы – Тұңғышбай Мұқан, Ғазия Әркенова және Мұратбек Қазкеев.

Келесі кезекті есімі исі қазаққа мәшһүр, дәстүрлі әнді дәріптеп жүрген, күміс көмей, жез таңдай әнші Дәуренбек Әркенов сахна төріне шығып жауһар әннен шашу шашты. Қазіргі даңғазалықтан құралған заманауи арсын-гүрсін әннен запы болған ел, қазақпен бірге жасасып келе жатқан дегдар өнеріне бір сусындады. Бұдан бөлек Дәуренбек ағамыздың шашбауын көтере келген, ауданымыздың мақтанышы, кезінде бүкіл одаққа белгілі болған «Тоқырауын толқындары» ансамблі бір жарым сағатқа созылатын концерттік бағдарламаны паш етті.

Осы мезетте алаңның екінші қапталында спорттық шаралар бастау алып жатты. Әуелгі кезекте қазақша күрес салтанат құрды. Спорттық шаралардың басы қасында аудандық спорт бөлімінің басшысы А.Кішкентаев бастаған спорт мамандары жүріп, сайыстың әділ өтуін жіті қадағалады. Күрес екі салмақ дәрежесі бойынша 70 келі салмақта және түйе балуан болып, спортшылар өзара бақсынасты. Боз кілемдегі бәсекеде күні бүгінге дейін талай байрақты додаларда жауырыны жерге тимей жүрген, сен тұр, мен атайын деген жүректі де білекті балуандар белдесті. Ұлы сәскеде басталған күрес жарысы күн екінтіге еңкейгенге дейін жалғасты. Сайыстың жүлде қоры да осал емес. 70 келі салмақ дәрежесіндегі белдесуге I-орынға – бұқа, II-орынға 70 мың теңге және III орынға 50 мың теңге ақшалай сыйлық тігілді. Ал, түйе балуанға I орынға тай, II орынға 100 мың теңге, III орынға 50 мың теңге үлестірілді.

Бұдан бөлек күреспен қатар, асық ату сайысы қабат өтіп жатты. Ол жерде жасынан ауыл-үйдің арасында асық ойнап машықтанған, құралайды көзге атқан мергендер бақ таластырды. Бұл жарыста бес жүлдегерге ақшалай сыйлықтар тарту етілді.

Халықтың бір көлігі концерт тамашалап, бір қауым жұрт қиқуға қиқу қосып балуандарға жанкүйер болып отырған сәтте төменгі ойда көкпар басталды деп хабарланды. Шаршы топта тұрған көрермендердің жарымына жуығы жырылып, көкпар алаңына қарай ойысты. Есік пен төрдей, ауыздығымен алысқан бір-бір қамбар ата баласына тақым артқан көкпаршылар аласұрып, төрешіден белгі күтіп тұр екен. Төрешінің белгі беруі мұң екен көкпаршылар жосыла шауып жөнелді. Ұзын саны алпыс қара болатын аттылы адам ортадағы серкеге таласып, ұмар-жұмар болды да кетті. Көкпар нағыз тақымы тастай, білегі болаттай, жүректі азаматтардың ойыны. Жалпы көкпардағы салымға тағайындалған жүлде қоры 1 млн. теңге және екі тай. Осы жүлдеден дәмелі жігіттер Тараз облысы, Астана қаласынан және өзіміздің Қарағанды облысынан ат терлетіп арнайы келді. Міне, осыған қарап-ақ аядай ғана Көрпетай бауырындағы тойдың қаншалықты дәрежеде өткенін бағамдауға болады.

Бесін мен екінтінің арасында тігілген барлық киіз үй мен 3 қоста келген қонақтарға дәм берілді. 500 табақ ет тартылып, оған қоса 4 қазан палау әзірленді. Баға аспанға шарықтап, шу асаудай жалына қол тигізбей тұрған қазіргідей қымбатшылық уақытта дүйім жұрттың басын қосып, ас беріп, ат шаптыру оңай шаруа емес. Осы орайда көрпетайлықтар бір жағадан бас, қос жеңнен қол шығарып, жұдырықша жұмылып, ұжым-бірліктің жарқын үлгісін көрсете білді. Көрпетай топырағында кіндік қаны тамған әрбір азамат ақшалай қолдау білдіріп, ірі шаруа қожалық иелері ірі қара, жылқы малдарын тарту еткен. Бұдан бөлек осы шараның өтуіне ұйытқы болған Нұржан ағамыздың серіктері, еліміздегі қабырғалы кәсіпорындардың бірегейі – «Нәтиже» сүт компаниясының директоры Азамат Түсіпбековте інісінің ілкімді ісіне қолдау білдіріп, ақшалай жәрдем көрсеткен.

Аталмыш іс-шара өтіп, ел аптығын басқаннан кейін қыбын тауып Нұржан ағамызбен телефон арқылы тілдестік.

- Негізі бұл асты өткізу көптен бері көңілде жүрген шаруа еді. Соның сәті бүгін түсіп жатыр. Әуелі Алланың сосын ауыл азаматтарының ауызбіршілігінің арқасында шаруа ойдағыдай өтті. Мен әуелгіде қоян-қолтық ұрыспен айналыстым. Спорттың осы түрінен әлем чемпионатының үшінші орын иегерімін және Азия чемпионымын. Спорт саласында жүрген-нен кейін бажайлап, жан-жағыма қарасам біздің Қарағанды облысының ат спорты кенжелеп қалған екен. Содан аймағымыздағы ұлттық спортты ұшпаққа шығаруға бел байлап, басымдағы пәтерімді сатып, көкпар ойнайтын айғырлар сатып алдым. 2018 жылы тәуекел деп жұмысымызды бастап кеттік. 2019 жылы осы Көрпетай секілді мәртебесі биік болсын деп «Көрпетай көкпар клубын» құрдым және сол клубтың жаттықтырушысы қызметін атқардым. Алайда, жаһанды жайлаған індет киіп кетіп ол жылы ешқандай жарыс болған жоқ. 2021 жылы Қазақстан чемпионатында жүлдызымыз жанып, ел тарихында бірінші рет Қарағанды облысының көкпар командасы тұғырдан көрінді. Осындай жетістікке қол жеткізгеннен кейін Қарағанды облысы әкімінің орынбасары қабылдап, мені Қарағанды облысы ат спорты федерациясының президенті және «Қайрат» ұлттық және ат спорты» жасөспірімдер спорт мектебінің директоры етіп тағайындады. Қазіргі таңда екі тізгін бір шылбырды қатар алып жүрміз. Содан барған жерімізде «Көрпетай деген не?», «Көрпетай деген кім?» деп жиі сұрайтын болды. Осы сан сауалдың жауабы болсын, ел-жұрт көріп-білсін деп осындай ас беріп, той өткізгенді жөн көрдім. Осы ойымды көрпетайлық ағайынға білдіріп едім, олар бірауыздан қоштады. Сонымен барлығымыз тастүйін жұмылып, аман-есен осы тойды өткеріп шықтық,- деді, жас та болса бас болып жүрген Нұржан ағамыз.

Қазақта «Бірлік бар жерде тірлік бар» деген аталы сөз бар. Сол бірліктің арқасында алақандай ауылдың тұрғындары аудан көлеміндегі айтулы шараны өткізіп отыр. Оған мына сіз бен біз куә.

Е.АЙТЖАН.

Договор

на предоставление услуг по водоснабжению и (или) отведению и очистке сточных вод физическим лицам

п. Сарышаган 20.07.2022 г.

Товарищество с ограниченной ответственностью «Актоғай Энерго», именуемое в дальнейшем «Услугодатель», БИН 160240011628 в лице директора Смагулова Б.Б., действующего на основании Устава, с одной Стороны, и бытовой потребитель, получающий услуги по водоснабжению и/или отведению и очистке сточных вод на основании настоящего договора, именуемый в дальнейшем «Потребитель» с другой стороны, а вместе именуемые «Стороны» заключили настоящий договор о нижеследующем:

1. Основные понятия, используемые в договоре

• граница раздела балансовой принадлежности – линия раздела элементов систем водоснабжения и (или) канализации и сооружений на них между владельцами по признаку собственности, хозяйственного ведения или оперативного управления;

• граница раздела эксплуатационной ответственности – линия раздела элементов систем водоснабжения и (или) канализации (водопроводных и канализационных сетей и сооружений на них) по признаку обязанностей (ответственности) за эксплуатацию элементов систем водоснабжения и (или) канализации устанавливаемая соглашением Сторон. При отсутствии такого соглашения граница эксплуатационной ответственности устанавливается по границе балансовой принадлежности;

• платежный документ – документ (счет, извещение, квитанция, счет-предупреждение, составленные на основании показаний приборов учета или расчетным путем в установленном законодательством порядке) Услугодателя, на основании которого производится оплата;

• потребитель – физическое лицо, пользующееся услугами водоснабжения и водоотведения на основании публичного договора для собственных нужд;

• проверка приборов учета – совокупность операций, выполняемых представителем Услугодателя с целью обследования состояния приборов учета, определение и подтверждение техническим требованиям и считывание показаний с индивидуального прибора учета;

• прибор учета – техническое устройство, предназначенное для коммерческого учета воды, разрешенное к применению в установленном законодательстве порядке;

• расчетный период – период, определенный в договоре как период времени, равный одному календарному месяцу с 00.00 часов первого дня до 24.00 ч., последнего дня месяца, за который производится расчет Потребителем за услугу;

• регулирующий орган – государственный орган, уполномоченный в соответствии с законодательством Республики Казахстан осуществлять государственное регулирование тарифов (цен, ставок сбора) на услуги субъектов естественной монополии;

• услугодатель – водохозяйственная организация (предприятие водоснабжения и водоотведения), осуществляющая полный технологический процесс водоснабжения и водоотведения населенного пункта с целью оказания услуг потребителям по водоснабжению и водоотведению, а так же осуществляющая технический надзор за состоянием систем водоснабжения и водоотведения потребителей, регулирующая и контролирующая развитие систем водоснабжения и водоотведения населенного пункта в целом;

• локальные очистные сооружения – совокупность сооружений и устройств потребителя, предназначенных для подготовки питьевой воды или очистки собственных сточных вод перед их сбросом в систему водоотведения населенного пункта;

• норма водопотребления – расчетное количество воды для удовлетворения суточной потребности одного человека, животных, личного подсобного хозяйства или на единицу поливной площади в конкретном населенном пункте;

• поверка приборов учета – совокупность операций, выполняемых государственной метрологической службой или другими аккредитованными юридическими лицами в целях определения и подтверждения соответствия приборов учета установленным техническим и метрологическим требованиям;

• выпуск в систему водоотведения – трубопровод от здания или сооружения до первого колодца на сети водоотведения;

• ввод водопровода – трубопровод от распределительной сети водоснабжения, включая колодец с запорной арматурой в точке подключения, до первой задвижки в здании.

2. Предмет договора

2.1. В соответствии с условиями договора Услугодатель обязуется оказать Потребителю услуги по водоснабжению и/или отведению и очистке сточных вод (далее – Услуги), а Потребитель обязуется оплачивать принятые услуги.

2.2. Характеристики предоставляемых услуг и качество подаваемой воды должны соответствовать требованиям законодательства Республики Казахстан, санитарно-гигиеническим правилам и нормам, государственным стандартам.

2.3. Режим по водоснабжению и водоотведению – круглосуточный.

2.4. Граница раздела эксплуатационной ответственности водопроводной сети объектов кондоминиума является разделительный фланец последней задвижки на вводе в здание, объектов индивидуальной жилой застройки - последний фланец запорно – отключающей арматуры в месте подключения к водопроводным сетям Услугодателя.

Граница раздела эксплуатационной ответственности в системе отведения сточных вод объекта кондоминиума является колодец в месте присоединения к системе отведения сточных вод населенного пункта.

3. Условия предоставления услуг

3.1. Объем предоставленных Услуг водоснабжения и водоотведения определяется по показаниям приборов учета, установленных на границе раздела эксплуатационной ответственности и принятых на коммерческий учет Услугодателем.

3.2. Объем предоставленных услуг водоотведения принимается равным объему предоставленных Услуг водоснабжения (питьевого, технического, горячего), в том числе при отводе сточных вод в выгреб (септик) или в локальные очистные сооружения.

3.3. Приостановление подачи услуг производится в случаях:

3.3.1. аварийной ситуации либо угрозы жизни и безопасности граждан;

3.3.2. самовольного присоединения к сети Услугодателя;

3.3.3. отсутствия оплаты за услуги в течение двух месяцев, следующих за расчетным периодом;

3.3.4. неоднократного не допущения представителей Услугодателя к приборам учета;

3.3.5. необходимости проведения дезинфекции трубопроводов;

3.3.6. в других случаях, предусмотренных нормативными правовыми актами и соглашением Сторон.

3.4. В случаях, оговоренных подпунктами 3.3.1. и 3.3.2., подключение производится представителями Услугодателя после устранения и ликвидации возникших нарушений.

3.5. В случае, оговоренном в подпункте 3.3.4 и невозможности прямого контакта между Услугодателем и Потребителем по причине отсутствия последнего, для сообщения показаний прибора учета Потребитель может использовать телефонную связь.

3.6. При нарушении, предусмотренном подпунктом 3.3.2., стоимость самовольно полученных услуг определяется из расчета полной пропускной способности трубопровода до узла управления, при действии его в течение 24 часов в сутки за период с момента проведения последней проверки до дня обнаружения, но не более двух месяцев.

3.7. В случае приостановления Услуг за нарушение, предусмотренное подпунктом 3.3.3., подключение производится после погашения долга и обследования Услугодателем сохранности пломб с составлением двустороннего акта. Во всех случаях подключение производится представителями Услугодателя, о подключении выдается акт установленной формы.

3.8. При неоднократном отключении подключение производится после внесения оплаты за подключение, стоимость которого согласовывается с территориальным антимонопольным органом.

4. Стоимость и порядок оплаты услуг

4.1. Оплата за предоставляемые услуги по настоящему договору производится по тарифам, утвержденным уполномоченным органом.

Стоимость услуг, равно как иные условия договора, устанавливается одинаковой для всех Потребителей, кроме случаев предоставления услуг с учетом льгот и преимуществ, установленных законодательством Республики Казахстан.

4.2. Оплата производится Потребителем ежемесячно за фактически предоставленное количество услуг на основании платежного документа в срок до 25 числа месяца, следующего за расчетным периодом.

5. Учет отпуска и потребления услуг

5.1. Количество отпущенной воды определяется по показаниям индивидуальных приборов учета. При отсутствии индивидуальных приборов учета воды – по показаниям общедомового прибора учета с распределением данных в соответствии с количеством фактически проживающих людей.

При наличии общедомового прибора и индивидуальных приборов у каждого Потребителя в многоквартирном доме разница между показаниями общедомового и индивидуальных приборов распределяется по количеству фактически проживающих в доме людей.

5.2. При отсутствии индивидуального прибора учета у Потребителя объем предоставленных услуг по водоснабжению временно определяется расчетным путем по эксплуатационным нормам водопотребления/водоотведения, утвержденным для населенного пункта и по фактическому количеству проживающих. При этом начисление производится расчетным путем не более двух расчетных периодов.

5.3. Приборы учета принимаются к коммерческому учету после наложения пломбы и регистрации их Услугодателем. Каждый прибор должен иметь две пломбы: завода - изготовителя на счетном устройстве водомера и Услугодателя.

5.4. Погрешность показаний прибора учета в пределах, установленных заводом-изготовителем, не является основанием для произведения перерасчета за услуги по водоснабжению и водоотведению.

5.5. При временном нарушении учета не по вине Потребителя расчет за услуги производится в течении 1 месяца по среднесуточному расходу предыдущего расчетного периода.

5.6. Обеспечение сохранности приборов учета, установленных в квартире или индивидуальном доме, возлагается на Потребителя. При установке приборов учета Услугодателем в специально отведенные помещения ответственность за их сохранность несет Услугодатель. Стоимость обслуживания приборов учета оплачивает лицо, ответственное за их сохранность.

5.7. В случае хищения или поломки приборов учета неустановленными лицами, лицо ответственное за их сохранность, обязано восстановить приборы учета в месячный срок, если иное не предусмотрено соглашением Сторон. До момента восстановления приборов учета потребитель подключается Услугодателем к сетям водоснабжения.

5.8. Количество воды, отводимой от Потребителя в систему отведения сточных вод, принимается равным:

- при закрытой системе горячего водоснабжения, в случаях, когда используются местные водонагреватели – количеству отпущенной холодной воды;

- при открытой системе горячего водоснабжения в случаях, когда горячая вода поступает из системы централизованного горячего водоснабжения – количеству отпущенной холодной воды плюс количеству отпущенной горячей воды;

- при наличии у Потребителя альтернативных источников воды – количеству отпущенной Услугодателем холодной воды плюс потребленной дополнительной воды из альтернативного источника, либо определяется дополнительным соглашением сторон. При этом оплата производится за транспортировку стоков по сетям Услугодателя от соответствующего колодца – приемника до очистных сооружений и очистку стоков.

5.9. Подключение Потребителя напрямую без приборов учета допускается временно (не более 1 месяца) с разрешения Услугодателя, количество отпущенной услуги в этом случае устанавливается Услугодателем расчетным путем по нормам водопотребления.

6.0. При обнаружении фактов нарушения схемы учета воды у Потребителя, срыв пломб на узлах управления и приборах учета, установления приспособлений, искажающих показания приборов учета, Потребителю производится перерасчет за пользование водой с момента проведения последней проверки до дня обнаружения, но не более двух месяцев, из расчета полной пропускной способности трубопровода до узла управления при действии его в течение 24 часов в сутки.

6.1. При изменении в установленном порядке тарифов или норм водопотребления и отвода стоков, расчеты по ним производятся с момента введения их в действие.

6.2. Потребители, не присоединенные к системе водоснабжения города, а также Потребители, имеющие другие дополнительные источники воды, обязаны в течение месяца, следующего за расчетным, представить Услугодателю данные учета расхода воды приборами, а также данные, необходимые для расчета фактического количества сточных вод, сбрасываемых в систему канализации.

6.3. Потребители, не присоединенные к системе водоснабжения города, обязаны заключать договора с Услугодателем или с другими частными лицами (имеющими договор с Услугодателем на приемку и очистку стоков), на вывоз сточных вод с выгребных ям и их очистку на станции Аэрации.

6.4. При необоснованном воспрепятствовании потребителем или его представителем установке приборов учета расчет объемов отпущенной воды производится по полной пропускной способности трубы, на которой должен быть установлен прибор учета с момента воспрепятствования до момента опломбировки установленного прибора учета представителем Услугодателя.

6.5. При выявлении факта пользования водой из сетей водоснабжения населенного пункта (Услугодателя) без заключенного с Услугодателем договора на предоставление услуг водоснабжения и водоотведения расчет объемов отпущенной воды производится по полной пропускной способности трубы на вводе самовольного присоединения за время фактического пользования до момента обнаружения (отключения), но не более двух месяцев.

6.6. При обнаружении фактов постоянного протекания воды на излив из водопровода, находящегося на балансе Потребителя, расчет объемов услуг водоснабжения производится по полной пропускной способности трубопровода с момента последней проверки, но не более одного месяца.

6. Права и обязанности Потребителя

6.1. Потребитель имеет право:

6.1.1. на получение услуг установленного качества, безопасных для его здоровья, не причиняющих вреда его имуществу, в необходимом количестве в соответствии с условиями Публичного договора и использование их по своей потребности;

6.1.2. сбрасывать сточные воды в необходимом объеме в пределах допустимых нагрузок;

6.1.3. обжаловать в уполномоченный орган и/ или в судебном порядке действия или бездействие Услугодателя, противоречащие законодательству;

6.1.4. участвовать в публичных слушаниях, проводимых по обсуждению проекта тарифа на услуги;

6.1.5. пользоваться услугами в необходимом ему объеме при условии своевременной оплаты;

6.1.6. требовать в установленном порядке от Услугодателя возмещения в полном объеме вреда, причиненного жизни, здоровью и (или) имуществу вследствие ненадлежащего предоставления услуг, а также возмещения морального вреда;

6.1.7. требовать перерасчета стоимости услуг в случае предоставления услуги не соответствующей требованиям, установленным государственным стандартам и иными

(Жалғасы 5-бетте).

(Жалғасы. Басы 4-бетте).

нормативными документами;

6.1.8. не производить оплату за полученную услугу, если Услугодателем в установленном порядке не выставлен счет;

6.1.9. отказаться от услуг водоснабжения и водоотведения в одностороннем порядке при условии письменного уведомления об этом Услугодателя не позже, чем за месяц при условии оплаты предоставленной услуги.

6.2. Потребитель обязан:

6.2.1. своевременно и в полном объеме оплачивать предоставляемые услуги в соответствии с выставленными платежными документами;

6.2.2. своевременно и в полном объеме оплачивать приобретение и установку приборов учета регулируемых коммунальных услуг (товаров, работ) в соответствии с условиями заключенных договоров;

6.2.3. иметь приборы учета регулируемых коммунальных услуг (товаров, работ);

6.2.4. немедленно сообщить Услугодателю о неисправностях в работе сооружения системы водоснабжения , канализации и приборов учета, о нарушении целостности пломбы и (или) крепления, а в случае повреждения сооружения системы водоснабжения или канализации или аварийного сброса загрязняющих, токсичных веществ – в местные органы по предупреждению и ликвидации чрезвычайных ситуаций, государственной противопожарной службы, санитарно-эпидемиологической службы и охраны окружающей среды;

6.2.5. обеспечить беспрепятственный доступ представителей услугодателя к приборам учета для контроля, технического состояния и безопасности сетей, приборов и оборудования;

6.2.6. следить за соблюдением сроков государственной поверки индивидуального прибора учета.

По истечении срока поверки своевременно производить поверку в специализированных организациях;

6.2.7. соблюдать требования по технике безопасности при потреблении услуги, нести расходы по содержанию водопроводных и канализационных сетей, находящихся в собственности Потребителя;

6.2.8. исполнять технические требования, установленные Услугодателем в соответствии с требованием действующего законодательства;

6.2.9. обеспечивать сохранность, надлежащее техническое состояние и безопасность эксплуатируемых систем водоснабжения, пломб и их креплений, системы отведения сточных вод, находящихся в его ведении или на обслуживании.

7. Права и обязанности Услугодателя

7.1. Услугодатель имеет право:

7.1.1. своевременно и в полном объеме получать оплату на предоставленные услуги;

7.1.2. устанавливать в соответствии с законодательством технические требования, обязательные для соблюдения Потребителями;

7.1.3. проводить техническое обслуживание сооружений системы водоснабжения, канализации и организовывать проверку и поверку приборов учета;

7.1.4. осуществлять контроль потребления и оплаты коммунальных услуг;

7.1.5. в одностороннем порядке приостановить исполнение Договора в связи с неоплатой Потребителем полученных услуг при предупреждении об этом Потребителя за месяц. Предупреждение может быть направлено в платежном документе, ежемесячно предъявляемом к оплате Потребителю. Приостановление производится опломбировкой запорной арматуры в закрытом виде или устройством видимого разрыва водопроводной сети, демонтажа канализационных труб и др.

7.2. Услугодатель обязан:

7.2.1. обеспечить своевременное и надлежащее предоставление услуг Потребителю в соответствии с требованиями Договора;

7.2.2. вести учет и контроль качества и количества предоставляемых услуг, принимать своевременные меры по предупреждению и устранению нарушений предоставления услуг;

7.2.3. принять меры по восстановлению качества и объема предоставляемых услуг по обоснованным претензиям Потребителя в течение 24 часов;

7.2.4. предоставлять Потребителю платежный документ на оплату предоставляемых услуг до 10 числа месяца, следующего за расчетным;

7.2.5. уведомлять Потребителей через средства массовой информации об изменении тарифов не позднее чем за 10 дней до введения их в действие;

7.2.6. при осмотре сетей водоснабжения и отведения сточных вод, приборов учета Потребителя предъявлять служебное удостоверение;

7.2.7. в период проведения профилактических и ремонтных работ на сетях доставлять потребителю питьевую воду транспортными средствами.

8. Ограничения Сторон

8.1. Потребителю запрещается:

8.1.1. переоборудовать внутридомовые сети, сооружения системы водоснабжения, отведения сточных вод и приборов учета без предварительного согласования с Услугодателем;

8.1.2. нарушать имеющиеся схемы учета услуг, целостность пломб и их крепления;

8.1.3. складывать над сетями водоснабжения и водоотведения и сооружениями различные материалы и предметы, накапливать мусор;

8.1.4. сооружать над сетями водоснабжения и водоотведения и сооружениями постоянные и временные постройки;

8.1.5. открывать краны на внутренней водопроводной системе для постоянного протекания воды на излив;

8.1.6. использовать питьевую воду для охлаждения оборудования по прямоточной схеме;

8.1.7. подключать временные водопроводные линии к стоякам водоразборов и пожарных гидрантов;

8.1.8. сбрасывать снег и сколы льда в канализационные колодцы;

8.1.9. без согласования с Услугодателем выполнять работы на сетях водоснабжения и водоотведения;

8.1.10. поить домашних животных, стирать, мыть автомашины и предметы быта у водоразборных колонок, подключать к ним трубы и шланги, а также производить другие действия, противоречащие требованиям санитарно-эпидемиологических правил и норм.

